

**Қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламаны және
оған енгізілетін мәліметтерді ресімдеу
ТӘРТІБІ**

1. Адвокаттың нақты істі жүргізуге ақылы негізде немесе кешенді әлеуметтік құқықтық көмек нысанындағы заң көмек көрсету түріндегі өкілеттіктерін куәландыратын қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама (бұдан әрі - Хабарлама) жазбаша түрде А4 форматтағы парақта адвокаттың жеке өзімен компьютерде әзірленеді немесе 1 қосымшаға сәйкес қажетті мәліметтерді қолжазба жазумен толтыру арқылы ресімделеді.

2. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі түріндегі адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттіктерін куәландыратын қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама (бұдан әрі - Хабарлама) жазбаша түрде А4 форматтағы парақта адвокаттың жеке өзімен компьютерде әзірленеді немесе 2-қосымшаға сәйкес қажетті мәліметтерді қолжазба жазумен толтыру арқылы ресімделеді.

3. Хабарламаның мәтіні қағаз және (немесе) электронды тасымалдауыштарда іс жүргізу тіліне байланысты мемлекеттік немесе орыс тілде жазылуы тиіс.

4. Хабарлама адвокат жүргізетін Қорғау (өкілдік ету) туралы хабарламаларды тіркеу журналында (бұдан әрі – Тіркеу журналы) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеледі.

5. Хабарламаның тіркеу нөмірі мен күні Тіркеу журналының деректеріне сәйкес келуі тиіс.

6. Тіркеу журналы адвокаттық кеңседе немесе адвокаттық қызметті жеке-дара не заң консультациясы құрамында жүзеге асыратын адвокатта сақталады.

7. Хабарламаға енгізілген мәліметтердің дұрыстығы үшін адвокат "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 5-тармағына сәйкес жауапты болады.

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
2018 жылғы 23 қараша

БЕКІТІЛДІ
Адвокаттар алқаларының
республикалық конференциясы
2018 жылғы 23 қараша

(адвокаттар алқасының атауы)

(заң консультациясының немесе адвокаттық контораның атауы немесе өз қызметін жеке-
дара жүзеге асыратын адвокаттың тегі және инициалдары)

ҚОРҒАУ (ӨКІЛДІК ЕТУ) ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

№ _____ «___» _____ 20__ жыл

Адвокаттық қызметпен айналысуға _____ жылғы «___» _____
берілген № _____ лицензиясы бар адвокат _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

20__ жылғы «___» _____ заң көмегін көрсету туралы № _____ жазбаша
шарттың негізінде _____

(іс бойынша іс жүргізу/процесті жүргізетін органның атауы)

_____ білікті заң көмегін көрсету
(қорғалатын (өкіл болу міндеттерін жүктеген) жеке тұлғаның
тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(немесе өкіл болуға тапсырыс берген заңды тұлғаның толық атауы)

туралы тапсырманы қабылдағандығы (іске кіріскендігі) туралы хабарлайды.

Адвокат _____
(қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
2018 жылғы 23 қараша

БЕКІТІЛДІ
Адвокаттар алқаларының
Республикалық конференциясы
2018 жылғы 23 қараша

(адвокаттар алқасының атауы)

(заң консультациясының немесе адвокаттық контораның атауы немесе өз қызметін жеке-дара жүзеге асыратын адвокаттың тегі және аты мен әкесінің атының бірінші әріптері)

**МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІ ШЕҢБЕРІНДЕГІ
ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ (ӨКІЛДІК ЕТУ) ТУРАЛЫ**

20 _____ ЖЫЛҒЫ « _____ » _____ № _____

ХАБАРЛАМА

_____ жылғы « _____ » _____ адвокаттық қызметті жүзеге асырға
құқық беретін лицензиясы бар адвокат _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(іс бойынша өндірісті/процесті жүргізетін органның атауы)

(қорғалатын (өкіл болу міндеттерін жүктеген) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда))

білікті заң көмегін көрсету бойынша тапсырманы қабылдағандығы
(іске кірісуі) туралы хабарлайды.

Іске кірісудің негіздемелері:

_____ жасалған келісім
(аумақтық әділет органның атауы, келісімнің нөмірі және жасалған күні)

_____ қаулысы/ұйғарымы
(іс бойынша өндірісті/процесті жүргізетін органның атауы,
соттың, лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

_____ тапсырмасы.
(аумақтық адвокаттар алқасының немесе оның
құрылымдық бөлімшесінің атауы)

Адвокат _____
(қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
2018 жылғы 23 қараша

БЕКІТІЛДІ
Адвокаттар алқаларының
Республикалық конференциясы
2018 жылғы 23 қараша

(аумақтық адвокаттар алқасының атауы)

*(өз қызметін жеке өзі жүзеге асыратын адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда))*

**Қорғау (өкілдік ету) туралы хабарламаларды тіркеу
ЖУРНАЛЫ**

Хабарламаның тіркеу нөмірі	Хабарламаны тіркеу күні	Тапсырысты қыбалдау негіздемелері	Клиент (А.Т.Ә немесе заңды тұлғаның атауы)
1	2	3	4